

КҮШ АТАСЫН ТАНЫМАС



Жуырда Балқаш қаласында Ауған соғысы ардагерлерінің жұлдесіне арналған жасөспірімдер арасында самбо күресінен республикалық турнир өткізілді. Турнирге Ақадыр кентіндегі З.Көкжалов атындағы спорт мектебінің жас палуандары қатысып қайтты.

Әр салмақта күш сынасқан жас палуандарымыз А.Ахметов, Ұ.Көкенов, Н.Маусыбаев, А.Ахметовтер өз салмақтары бойынша бірінші орындарды жеңіп алды.

Ал, Амангелді Нұрсұлтан, С.Жұматаев, О.Қасымов, А.Сейтжанов, Р.Бейсенбековтер өз салмақтары бойынша жүлдегер танылды.

Сондай-ақ, осы спорт мектебінің жас палуандары Жезқазған қаласында самбо күресінен жасөспірімдер арасында өткізілген облыстық чемпионатқа қатысып, бақ сынады.

Жарыс қорытындысында спорт мектебінің тәрбиеленушісі С.Қайранбеков өз салмақ дәрежесі бойынша жүлделі бірінші орынды жекіп алды. Өзге спортшыларымыз М.Адыханов, Е.Биғашев, Д.Адамғожин, Ермағанбетов, Байдалин, Нұрмұханбетұлы жүлдегер танылып, олжамен оралды.

С.ЖАНАСЫЛОВ,
З.Көкжалов атындағы
спорт мектебінің директоры.
Ақадыр кенті.